

ӘОЖ 339.5 (510)

**ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДУНИЕЖҰЗІЛІК САУДА
ҰЙЫМЫНА КІРУІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРМЕН АРАҚАТЫНАСЫНА
ӘСЕРІ**

Жолжан Dana Жақсықызы

dana1098@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮҮ филология факультетінің шетел филологиясы: қытай тілі
мамандығының студенті

Ғылыми жетекшісі – Әбиденқызы Айнүр

Дүниежүзілік сауда ұйымы - халықаралық сауда ережелерін либерализм принциптеріне қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым. Ұйым 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастаған болса, Қытай Халық Республикасы 2001 жылдың желтоқсан айының 11-ші жүлдөздің ұйымға кірген болатын. Қазіргі таңда, 2018 жылдың статистикасына сүйенсек, ДСҰ-да 164 мемлекет бар. Оның ішінде 157-сі халықаралық тұрғыда мойындалған БҮҮ-на мүші мемлекеттер, ішінара мойындалған Қытай Халық Республикасы, екі тәуелді аймақ (Гонконг пен Макао) және Еуропа Одағы.

Қытай мемлекетінің ДСҰ-на кіруі, мемлекетке ғана емес, сонымен қатар, ұйымның өзіне де үлкен жағымды әсер тигізді. ДСҰ-на мүшелік етуі, Қытай мемлекетінің экономикалық өсу аясында құрылымдық реформаның одан әрі дамуына үлес қосуда. Қытайдың Азиялық көрші мемлекеттері, мемлекет тарапынан үлкен бәсекелестікке дайын болып ғана қоймай, жаңадан экспорттық мүмкіндіктерге де ашық болулары қажет.

Америка Құрама Штаты мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда - саттық келіспеушіліктер, екі мемлекеттің ДСҰ-дағы дау мәселелерін шешуге мүмкіндігі болғандығынан, күшеттіні айдан анық. 2001 жылдан бері ДСҰ-на мүшелік етуге құқыққа ие болғаннан бері, Қытай әлемдегі ең мықты әрі үлкен сауда - саттық державасына айналып отыр. Қытай мемлекеті жаһандық экономика саҳнasyнда толыққанды бәсекелестікке жарамды ойыншы атануға дайын екені туралы әлемге белгі берді десек те болады.

ҚХР-ның ДСҰ-на кіруінің мемлекет дамуындағы артықшылығы

ДСҰ-на мүшелік етуі, Қытай мемлекетіне көптеген мүмкіндіктер әкеледі. Мүшелік ету арқасында Қытай мемлекеті сауда - саттық өрісін көңейтіп, экономикалық реформаны күшетеді және қосымша шетелден инвестиция тартып, заң жүйесін нығайтады. Қытай елінің қоғамында ДСҰ-на кіруі, мемлекет басшылығына және халқына үлкен жауапкершілік артса, сыртқы байланыстарында өзге елдермен, оның ішінде АҚШ, ең үлкен Қытай тауарларының экспортталатын мекені, Азия елдерімен түгелдей ара қатынас формасын өзгертуіне әкеліп соғады. ҚХР-ның экономикалық дамуына ДСҰ-на кіруі екі ерекше жағдайды тудырды: біріншіден, аса үлкен қарқынмен экспортталып жатырған тауар санының артуы, екіншіден оның құрылымы өзгерді, яғни, өнім үлесі құнының жоғарылауы. Сонымен қатар, Қытай мемлекеті импорттық баж салығын азайтты. 2001-2005 жылдар аралығында өндірістік тауарлардың импорттық баж салығы 14,8% -дан 9,3% -ға азайды. Негізінде орта есеппен алғанда Қытайда импорттық баж салығы 9,9%-ды құрайды және бұл өзге мемлекеттермен салыстырғанда ең төмен импорттық баж салығы болып есептеледі. 2004 жылға қарағанда өнеркәсіп тауарларының экспортты 23,4%-ға өсіп, 1 трлн. 991 млрд. 630 млн. юаньды құрады. 2005 жылды өнеркәсіп тауарларына көптеген үлестемелер көзін жойды. Экспортталған тауар құрылымының сараптамасы бойынша, 2001 және 2010 жылдары аясында айрықша едәуір машиналар үлесі, құрылғылар және көлік құралдары 38,6% - дан 53,5% -ға үлгайды. Сонымен қатар, қара және түсті металлдар, сәйкесінше,

6,1% - дан 7,0% - ға өсті. Бұл Қытайдағы жоғары-технологиялық экономика секторының өскені туралы қуәлік етеді. 2011 жылы Қытай мемлекетінің ЖІӨ-і 2018 жылы болжаммен 14 трлн. 092.5 млрд. долларды құрады. ЖІӨ бойынша, Қытай 2000 жылы Италияны, 2005 жылы Францияны, 2006 жылы Ұлыбританияны, 2007 жылы Германияны және 2010 жылы Жапонияны артта қалдырып, АҚШ-тан кейінгі екінші әлем экономикасы атанды. ҚХР-ның ДСҰ-на кіруі 26 жыл бойы жүргізіліп келе жатырған ұлт саясаты реформасының қарқынды жедел жүзеге асуына әсер етті. Ең өзектісі, Қытай экономикасындағы қаржы секторында орын алған реформа. ҚХР әлемдегі занды құқық негізінде төлем немесе табыс алушы алып шетел капиталдар арасында жетекші орынға ие. Айта кететін жайт, Қытай ДСҰ-на кіру арқылы арзан қытай тауарларынан шектеулі үлестемені алып тастады. Соның арқасында әлем экономикасының өсіу бәсендеген жағдайда, үлкен сұранысқа ие болады. ДСҰ-на кіру арқылы, Қытай өзінің ең басты артықшылығының орындалатынына сенімді: арзан жұмыс күші. Мысалы, Қытайда орташа жалақы жылына 780 долларды құраса, Малайзияда 3000 доллар, Кореяда 8000 долларды құрайды. Сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай ең басты мақсаттардың бірі - шетел инвестициясын тарттыру болатын. 2011 жылдың өзінде Қытайда 424196 шетел өнеркәсіппері жұмыс атқарды. Әрбір Қытайдағы шетел өнеркәсібінің капиталы 100% құрауы керек.

Төменде шетел өнеркәсіпперінің төлеу керек салық кестесі көрсетілген:

Бір айдағы салық салынатын табыс мөлшері	Салықмөлшерлемесі
500 юаньғадейін	5%
500 ден 2 000 юань	10 %
2 001 ден 5 000 юань	15%
5 001 ден 20 000 юань	20 %
20 001 ден 40 000 юань	25 %
40 001 ден 60 000 юань	30%
60 001 ден 80 000 юань	35 %
80 001 ден 100 000 юань	40 %
100 001 юань және одан жоғары	45 %

Қытай Халық Республикасына ДСҰ не үшін керек?

Көп жағынан ДСҰ Қытай мемлекеті үшін экономикалық өсу мен реформаның қарқындың ұстап қалудың бірден бір жолы. Әлемдік экономика қын әрі өзара тәуелді болып кетті. Бұл жерде Қытайдың халықаралық ережеге сай қатысуы, ҚХР-ның өзі үшін, АҚШ, Азия елдері және жалпы әлем елдері үшін де маңызды рөл атқарады. ДСҰ-на мүшелік етуінің арқасында Қытай елі халықаралық сауда-саттық пен инвестицияларды реттейтін ережелердің тиянақталып, қайта құрылуына қатысуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, ДСҰ-дағы келіспеушіліктерді реттеу жүйесін пайдалан отырып, Қытай өзінің сауда-саттық мүдделерін қорғауға мүмкіндік алады. Бұл дегеніміз, мысалы, ДСҰ-ның басқа да мүшелері өздерінің сауда - саттық нарығында қытай тауарларына байланысты кемсіту шараларын қолдана алмайды. ДСҰ-на мүшелік етуі, мемлекетті шетел инвесторлары кезінше жоғарылата, авторитетті болдыра түседі. Қаржы қаражатының Қытайға қосымша ағуы артынан қосымша жоғары жалақылы жұмыс орындарының құрылуына, мемлекет қазынасына түсетін салықтың өсуіне және Қытай елінің жаңа заманауи технологияларға қол жеткізуіне жол ашылады. Қытайдың ДСҰ алдындағы міндеттемелері экономиканың барлық секторларында бәсекелестікті қүшетуге ықпал ететін болады. Қытай тұтынушылары, бәсекелестік нәтижесінде тауарлар мен қызыметтерді таңдау кенейтілетіндіктен, оларға бағалар төмендейтіндіктен және зияткерлік меншік құқықтары мен тұтынушылардың құқықтарына қатысты көңіл бөлу және жауапкершілікті қүшету туралы айтпағанда,

олардың сапасы артатынынан тікелей пайда алатын болады. Бәсекелестік тиімділік пен өнімділіктің одан әрі өсуіне әкеледі, ал бұл уақыт өте келе Қытай экономикасын нығайтып және кез келген нарықта ең танымал көпшілтік корпорациялармен бәсекелестікке түсуге Қытай фирмаларына қосымша мүмкіндіктер береді. Қытай экономикасы ДСҰ - на кіргеннен кейін шетел компанияларын Қытайға экспорттағысы келетін қаржы, сактандыру, бөлу саласындағы қызметтер ауқымын көзегінде арқылы үтады. Әрине, ДСҰ-на кіру арқылы Қытай Халық Республикасының көретін пайдасы жетіп артады. Алайда бұл кемшіліктері жоқ деген сөз емес.

ҚХР-ның ДСҰ-на кіруінің мемлекет дамуына тигізген кері әсері

ҚХР-ның ДСҰ-на кіруі мемлекетте бірнеше проблемаларды туғызды. Мәселен, экономикалық тәртіптеменің ашық түрде жүргізілуі, құқықтық, әкімшілік, институционалдық жүйенің, міндеттемелердің орындалу механизмінің құрылуы. Келіссөздердің қорытынды кезеңінде ҚХР алдына қойылған негізгі мәселелердің қатарында мыналарды атап өтуге болады: директивалық жоспарлау жүйесін жою және экспорттық импорттық жоспарларды директивалық орындау; баға белгілеудің нарықтық рельстерге көшуі; сыртқы сауда режимінің, лицензиялау және квоталау жүйесінің, мемлекеттік сатып алу нарығының ашықтығы; шетелдік кәсіпкерлер үшін ішкі қызмет көрсету нарығына қол жеткізуі ырықтандыру; экспортты субсидиялауды жою, Мемлекеттік кәсіпорындарды қаржылық қолдау және ауыл шаруашылығын протекционистік қорғаудан бас тарту.

Тек Қытайға қатысты сауданы ырықтандыру туралы ережелер:

- Қытайдан үш жыл ішінде тікелей импорт және экспорт құқығының болуы;
- Қытайда барлық тауарларды бөлумен айналысу құқығы кіріскең сәттен бастап үш жылдан бойы құшінде болуы.
- Инвестиция құймай-ақ, Қытайға экспорт жасау құқығына ие болу;
- Өнімнің жүздеген түріне арналған квоталар мен лицензиялар сияқты тарифтік емес шараларды (НТМ) біртіндеп жою, ДСҰ ережелеріне сәйкес келмейтін НТМ 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін жойылуы тиіс екенін ескеру;
- Ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп тауарларының импорттына мемлекет монополиясының құшін жою;
- Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттына субсидияларды, өнеркәсіптік тауарлардың импорттын ауыстыруды және экспорттын субсидиялауды жою.

Экономистердің пікірінше, Қытайдың ДСҰ-га кіруінің "ерекше шарттары" тағы бір мәселе болып табылады. Нәтижесінде елдің шетелдік нарықтарға қарағанда, шетелдік бизнес үшін әлдеқайда жоғары дәрежеде ашық болғанын айқын атап өтті. Енді ҚХР импорттық тауарлардың ішкі нарыққа шығып, оның көптеген секторларында, соның ішінде қаржылық және сактандыру секторларында бәсекелестік күрестің айтартықтай күшеюіне, сондай-ақ жұмыссыздықтың сөзсіз өсуне және өнеркәсіп тауарларының экспорттының субсидиялануына қаупі төніп тұр.

Америка – Қытай қарым қатынасы

Қытай мемлекетінің ДСҰ мүшесі ретінде өз міндеттерін адал орындауы, оның АҚШ – мен ара-қатынасына тікелей байланысты. Мемлекет басшылығы тағы да өзінің мойнына алған қызметтерін толыққанды орындаїтынын мәлімдеді. Америка Құрама Штаттары да, Қытай да сауда мәселелеріндегі үйкеліс Қытайдың ДСҰ шеңберінде өзінің көптеген міндеттемелерін орындауға қабілетсіздігімен немесе ниетсіздігімен қынданататын сценарийді болдырмаяға мүдделі. Жалпы Қытай мемлекеті тауарларды ең көп АҚШ-на экспорттайтыны бәрімізге мәлім.

Жоғарыда айтылғандар, әрине, Америка Құрама Штаттары мен Қытай мемлекеті арасындағы сауда мәселелеріндегі үйкеліс Қытайдың ДСҰ-га кіруімен тоқтатылғанын білдірмейді. Өйткені мұндай үйкеліс әлі де ДСҰ-ға бұрыннан кірген Құрама Штаттар мен көптеген сауда серікtestері арасында бар. Қалай болғанда да, біздің сауда қатынастарымыз ауқымының кеңеюіне байланысты, кем дегенде, бірінші кезеңде осында үйкелістердің күшеюі ықтималдығы бар.

Қытайдың Америка Құрама Штаттарымен сауда-саттықта өсіп келе жатқан оң сальдосы бар. Егер американдық компаниялар Қытай нарықтарында, өздері күткен уәде етілген қол жетімді материалдықтың көрініс таппайтынын байқаса, мұндай жағдайдың нәтижесі американдық экспорттың баяу өсуінің, Қытаймен сыртқы саудадағы саяси қамтамасыз етілмеген оң сальдоның және сауда мәселелерінде үйкеліс күшнейуінің күрделі комбинациясы болуы мүмкін. Қытай мен АҚШ-тың сауда қатынастары турбуленттік аймақтан өтіп жатыр, алайда Қытай үкіметі жағдайдың оң дамуына үміттенеді. Екі тарап арасындағы сауда қарым-қатынастардың даму перспективасына түсініктеме бере отырып, ҚХР Коммерция министрі Гао Хучэн жақында өткен баспасөз мәслихатында бірқатар сандар атап өтті.

38 жыл ішінде қытай-америкалық сауда көлемі 208 есеге артты

Дипломатиялық қатынастар орнағаннан кейін 38 жыл ішінде Қытай мен АҚШ-тың әртүрлі топтарының тұрақты күш-жігерінің арқасында екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дами түсті.

ҚХР коммерция министрлігінің мәліметінше, Қытай мен АҚШ арасындағы тауар саудасы 1979 жылы 2,5 млрд АҚШ долларынан 2016 жылы 519,6 млрд долларға дейін, яғни 208 есеге артты. Екі ел арасындағы қызметтер саудасы 2016 жылы 100 млрд доллардан асты. Бұл ретте екі жақты өзара инвестициялар қарқынды өсіп келеді және 2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша олардың көлемі 170 млрд доллардан асты.

Министрдің айтуынша, Қытай мен АҚШ мұдделері бір-бірімен тығыз байланысты. ҚХР-ның сауда министрлігінің айтуы бойынша, АҚШ-тың барлық "Боингтердің" 26 пайызы және АҚШ-тың барлық соя бұршақтарының 56 пайызы Қытай нарығында сатылады. Тауарлар саудасында Қытай 10 жыл бойы АҚШ-тың неғұрлым жылдам кеңейтілетін экспорттың нарықтарының бірі болып табылады. АҚШ-тан Қытайға экспорт көлемі жылына 11 пайызға ұлғаяды.

АҚШ Қытайға ауыл шаруашылығы өнімдерінің, автомобилдердің және интегралды схемалардың импорты бойынша әлем елдері арасында екінші орынға көтерілді. Қытай туристері бір жыл ішінде АҚШ-ка 21 млрд доллар әкелді

Қызметтер саудасына келер болсақ, 2015 жылы АҚШ-қа келген қытайлық туристер саны 2,66 млн адамға жетті. Қытай туристерінің Шетелдегі шығындарының басты баптарының бірі шоппинг болып табылатыны кеңінен мәлім. Орташа есеппен Қытай туристи сапар үшін АҚШ-қа 8000 доллар жұмсайды, осылайша бір жыл ішінде Қытай туризмінен АҚШ-тың табысы шамамен 21 млрд долларға жетті.

Оз тарапынан, американдықтар Қытайға экспорттау мүмкіндіктерін кеңейтуден, өз үйінде қосымша жұмыс орындарын құрудан және шетелде капитал салу үшін әртүрлі мүмкіндіктер пайда болуынан женеді. АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда және іскерлік байланыстардың кеңеюіне қарай Американдықтар және қытай азаматтары арасындағы тікелей байланыстар да кеңейтіletіn, идеялар мен технологиялармен алмасу күштейтіletіn болады. ДСҰ-ға қатысадан туындаған өзара тәуелділіктің арқасында Америка Құрама Штаттар мен Қытайдың жаһандық экономикалық тұрақтылық, қауіпсіздік және әл-ауқат мәселелерінің кең шеңбері бойынша өзара іс-қимылы аясында ортақ мақсатты сезінуге де көмектесуі тиіс.

Қорытындылай келетін болсақ, ҚХР-ның ДСҰ-на кіруі көптеген мүмкіндіктерге жол ашқанымен, әрине бірқатар проблемалардың туындағанын анғардық. Алайда айта кететін жайт, ҚХР –сы ұйымға кіргенінің арқасында туризм және сауда – саттық бағыттарын кеңінен дамытып, өзге елдермен осы бағытта байланысып, келіссөздер жүргізіп отыр. ДСҰ арқасында екі алып шаһар АҚШ пен ҚХР де тату тәтті ынтымақтастық пен достық қарым қатынаста сауда саттық келіссөздерін еш үйкеліс пен келіспеушіліктерсіз атқарып, жүзеге асырып жатыр. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру, Қытай Халық Республикасының мемлекет жағдайында қабылдаған бірден – бір дұрыс шешім деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D2%AF%D0%BD%D0%B8%D0%B5%D0%B6%D2%AF%D0%B7%D1%96%D0%BB%D1%96%D0%BA%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B0%D2%B1%D0%B9%D1%8B%D0%BC%D1%8B>
2. Темірбекова А.Ж. ҚХР-ның ДСҰ-на кіруі, 2012 Алматы.